

**Сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы
(2005 жылғы 1 тамыздағы)**

Сақтандыру сыйлықақылары


Ағымдағы жылдың шілде айындағы сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 5 455,0 млн. теңгеге ұлғайды және 2004 жылғы осындай кезеңдегі жиналған көлемнен 63,9%-ке көп болып, 36 645,9 млн. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

млн. теңге

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.08.2004.	01.08.2005.		1.08.2004ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
		Сомасы	үлесі %	
Барлығы, оның ішінде:	22 353,7	36 645,9	100,0	63,9
Міндетті сақтандыру бойынша	2 507,9	6 038,0	16,5	140,8
Ерікті жеке сақтандыру бойынша	2 297,1	4 432,7	12,1	93,0
Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша	17 548,7	26 175,2	71,4	49,2

Кестені қарағанда, 2005 жылғы 1 тамызда міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 140,8%-ке өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 93,0%-ті, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 49,2%-ті құрады.



2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру сыйлықтарының келіп түсу құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандырудағы - көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықтарының түсімі - 48,2% (2 913,0 млн. теңге) болып келеді, еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру -23,3 % (1 406,4 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша – 14,2 % (860,0 млн. теңге), қызметі үшінші тұлғаларға зиян кетіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 9,9 % (600,5 млн. теңге).

ерікті жеке сақтандырудағы сақтандыру сыйлықтары түсімінің - 43,8% (1 943,7 млн.теңге) жазатайым жағдайлардан және аурулардан сақтандыру бойынша түскен түсімге, 39,1% (1 731, 9 млн. теңге) медициналық сақтандыру бойынша, 15,8% (699,9 млн. теңге) - өмірді сақтандыру бойынша болып келеді.

ерікті мүлктік сақтандырудағы сақтандыру сыйлықтары түсімінің - 37,1% (9 709, 7 млн. теңге) мүлкті сақтандыру бойынша түскен түсімге, зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша – 30,9% (8 083,1 млн. теңге), жүктерді сақтандыру бойынша 9,2 (2 397,8 млн. теңге) және кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру бойынша 9,1% (2 387, 7 млн. теңге) болып келеді.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықтарының көлемі былайша көрініс алады:

	<i>млн. теңге</i>		
Сақтандыру салалары	1.08.2004.	1.08.2005.	1.08.2004 ж.

бойынша сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	салыстырғандағы өзгеріс., %-пен
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	22 353,7	100,0	36 645,9	100,0	63,9
Өмірді сақтандыру	304,0	1,4	711,7	1,9	134,1
Жалпы сақтандыру	22 049,7	98,6	35 934,2	98,1	63,0

"Өмірді сақтандыру" саласы. 2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 711,7 млн. тенге болды, бұл өткен жылдың осындай күнімен салыстырғанда 134,1%-ке көп. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сыйлықақылардағы үлесі есепті күнге 2004 жылғы 1 тамызбен салыстырғанда 1,4%-ке қарсы 1,9% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2005 жылдың жеті айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 35 934,2 млн. теңге болды, бұл 2004 жылдың осындай кезеңінен 63,0%-ке артық. "Жалпы сақтандыру" саласында негізгі үлес алатын сақтандыру сыныптары арасында мынадай сыныптарды айтуға болады:

"мүлікті сақтандыру" сыныбы – 27,0% (9 709,7 млн. теңге);

"зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру" сыныбы – 22,5% (8 083,1 млн. теңге);

"көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру" сыныбы – 8,1% (2 913, 0 млн. теңге);

"жүктерді сақтандыру" сыныбы – 6,7% (2 397, 8 млн. теңге).

2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша, өткен есепті күндермен салыстырғанда, үлесіне сақтандыру сыйлықақыларын жинау бойынша 59,9% келетін негізгі 5 сақтандыру компаниялары-көшбасшыларының арасында бірқатар өзгерістер байқалды. Олардың ішінде: "Еуразия" СК" АҚ-ы -23,2%, "Казахинстрах" КИС" АҚ" –14,3%, "Amanat insurance СК" АҚ – 7,6%, "Казкоммерц-Полис" СК" АҚ - 7,5%, "ЭйАйДжи Қазақстан" ЖАҚ-ы –7,3%.

ҚР резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру компанияларының 2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жинаған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 22,9% (8 398,3 млн. теңге) болып отыр.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 13 894, 0 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 37,9 % болып отыр. Бұл ретте резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 32,2%-і беріліп отыр.

Қайта сақтандыру

млн. тенге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.08.2004		1.08.2005	
	Сомасы	Жиынтық сыйлықақы дағы үлесі, %-пен	Сомасы	Жиынтық сыйлықақы дағы үлесі, %
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	10 042,1	44,9	13 894,0	37,9
Резидент еместерге	9 427,4	42,2	11 816,6	32,2
Резиденттерге	614,7	2,7	2 077,4	5,7

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 97,6% алды. Міндетті сақтандыру бойынша - 1,3%, ерікті жеке сақтандыру бойынша - 1,1%.

Сақтандыру төлемдері

2005 жылдың жеті айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 47,0%-ке арта отырып, 5 294,8 млн. теңге болды. Сонымен бірге, қайта сақтандыру ұйымдары қайта сақтандыру есебінен өтеп отырған сақтандыру төлемдерінің үлесі 9,3% (491,0 млн. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдері

Сақтандыру төлемдері	1.08.2004.	1.08.2005.		1.08.2004ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
		Сомасы	үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	3 602,3	5 294,8	100,0	47,0
Міндетті сақтандыру бойынша	1 533,0	1 763,9	33,3	15,1
Ерікті жеке сақтандыру бойынша	667,6	875,3	16,5	31,1
Ерікті мүліктік сақтандыру	1 401,7	2 655,6	50,2	89,5

1.08.2005 жылғы жағдай бойынша сақтандырудың сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда - көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша төлемдер 99,5% (1 755,8 млн. теңге) болды;

ерікті жеке сақтандыруда - сақтандыру төлемдерінің 84,0% (735,0 млн. теңге) - медициналық сақтандыру төлемдеріне келеді, жазатайым жағдайлардан және аурулардан сақтандыру бойынша 11,2% (97,8 млн. теңге) және 4,3% (37,9 млн. теңге) - өмірді сақтандыру бойынша келеді.

ерікті мүлктік сақтандыруда - сақтандыру төлемдерінің 34,9% (927,1 млн. теңге) кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру бойынша, 24,3% (646,6 млн. теңге) - автомобиль көлігін сақтандыру бойынша және 15,6% (415,6 млн. теңге) мүлкті сақтандыру бойынша келеді.



2005 жылдың жеті айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 33,2%-і болды. Сақтандырудың осы сыныбы бойынша (сақтандыру төлемдерінің сақтандыру сыйлықақыларына қатынасы) шығын коэффициенті 2004 жылғы 1 тамыздағы 65,5%-ке қарсы, 60,3%-ті құрады.

2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша міндетті сақтандыру бойынша тұтас алғанда шығын коэффициенті 2004 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 61,1%-тен кеміп, 29,2% болды. Бұл бәрінен бұрын, міндетті сақтандырудың жаңа түрлерінің пайда болуымен және олар бойынша түскен сақтандыру сыйлықақылар түсімінің серпінді өсуімен негізделді.

Ерікті жеке сақтандыру сыныбы бойынша шығын коэффициенті өткен жылғы осындай күндегі 29,1%-ке қарсы, тиісінше 19,7% болды, бұл сақтандырудың осы сыныбы бойынша сақтандыру төлемдерінің өсуімен салыстырғанда сақтандыру сыйлықақысының жоғары өсімін білдіреді.

Ерікті мүлктік сақтандыру бойынша шығын коэффициенті ұлғайды және 2004 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 8,0%-ке қарсы 10,1% болды.

Жалпы алғанда есепті күнге шығын коэффициенті 14,4 % болды.

Шығын коэффициенті

Сақтандыру қызметінің түрлері	Шығын коэффициенті, %-пен	
	1.08.2004.	1.08.2005.
Барлығы, оның ішінде:	16,1	14,4
міндетті сақтандыру бойынша по	61,1	29,2
ерікті жеке сақтандыру бойынша	29,1	19,7
ерікті мүлдіктік сақтандыру бойынша	8,0	10,1

Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 37 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 3 - өмірді сақтандыру бойынша, 5 - Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен), 10 сақтандыру брокері, 28 актуарий және сақтандыру ұйымдарының аудитін жүргізуге лицензиялары бар 35 аудиторлық ұйым лицензиялық қызметті жүзеге асырды.

Ағымдағы жылдың шілде айында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі қайта құрылған «Өмірді сақтандыру компаниясы» «Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы» АҚ сақтандыру ұйымына «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия берілді.

Бұдан өзге, шілде айында «ІІВ» «Индустриалды сақтандыру брокері» ЖШС-не және «BRAND SECURITIES» Сақтандыру Брокерлік компаниясы» ЖШС-не сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия берілді.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.08.2004.	01.08.2005.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	36	37
Резидент еместердің қатысуымен	6	5
өмірді сақтандыру бойынша	2	3
Сақтандыру брокерлерінің саны	7	10
Актуарийлер саны	30	28
Сақтандыру ұйымында аудит жүргізу құқығына лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың саны	34	35

Есепті күнге 31 сақтандыру ұйымы “Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры” АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

Капитал. 2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының есепті меншікті капиталының мөлшері 29 385,6 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күнімен (19 128,6 млн. теңге) салыстырғанда 53,6 %-ке көп болды.

2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша барлық сақтандыру ұйымдары меншікті капиталдың жеткіліктілігінің пруденциалды нормативтерін орындады.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	1.08.2004.	1.08.2005.	1.08.2004 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
Жиынтық активтер	36 352,2	57 906,2	59,3
Міндеттемелер	11 816,7	21 490,8	81,9
оның ішінде таза сақтандыру резервтері	8 628,3	16 452,0	90,7
Басқа да міндеттемелер	3 188,4	5 038,8	58,0
Меншікті капитал (баланс бойынша)	24 535,5	36 415,4	48,4

Есепті күнге «жалпы сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталы «жалпы сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталының 7,4%-і болды. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталы «жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталының 1,0%-ін құрайды.

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2005 жылғы 1 тамызда 57 906,2 млн. теңге болды, бұл 2004 жылғы 1 тамыздағы осындай көрсеткіштен 59,3%-ке көп, оның ішінде:

млн. теңге

Активтер	1.08.2004.		1.08.2005.		1.07.2004 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
	Сомасы	Үлесі%	Сомасы	Үлесі%	
Ақша	1 254,2	3,5	4 254,7	7,3	239,2
Орналастырылған салымдар	4 646,1	12,8	11 389,9	19,7	145,1
Бағалы қағаздар	20 442,0	56,2	29 011,1	50,1	41,9
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	4 264,5	11,7	6 184,9	10,7	45,0
Негізгі қаражат	1 610,5	4,4	1 915,0	3,3	18,9
Материалдық емес активтер	45,0	0,1	90,5	0,2	101,1
Басқа дебиторлық берешек	1 880,3	5,2	1 838,4	3,2	-2,2
Басқа активтер	2 209,9	6,1	3 221,7	5,5	45,8
Активтер жиынтығы	36 352,2	100,0	57 906,2	100,0	59,3

Жалпы алғанда, 2005 жылдың жеті айында сақтандыру ұйымдары активтерінің сомасы 31,3 %-ке (13 811,5 млн. теңгеге) өсті.

Міндеттемелер. 2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 81,9%-ке өсе отырып, 21 490,8 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрылған сақтандыру резервтерінің көлемі 16 452,0 млн. теңге болды, бұл 2004 жылғы 1 тамызда қалыптасқан резервтер көлемінен 90,7%-ке артық. Есепті күндегі қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі 12 610,7 млн. теңге болды.

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.08.2004.	01.08.2005.
ЖІӨ, млрд. теңге	4 621,8	6 397,0 ¹

¹ - прогнозные данные на 2005 год

Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен	0,48	0,57 ²
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен	0,53	0,57
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен	0,79	0,91
Сақтандыру сыйлықақыларының жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	1 495	2 444

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

² - страховые премии, полученные за январь - июль 2005 года